

Ш. Құрманбайұлы, М.Е. Әділов

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com, marlenadilov88@gmail.com)*

Абай шығармаларындағы қос сөздердің семантикалық ерекшеліктері

Аңдатпа. Сөздерді қосарлап қолдану құбылысы әлем тілдері ішінде әсіресе түркі тілдеріне тән. Қос сөздер Орхон-Енисей ескерткіштерінен бастап көне және ортағасыр түркі жазба жәдігерлерінде көптеп кездеседі. Қазақ тілінде де сөз қосарлау – сөз жасаудың кең тараған әдісі. Сөзден сөз тудырудың бұл жолын Абай да молынан пайдаланған. Абайдағы қос сөздердің көбі қазіргі әдеби тілде жұмсала бермейтін ақынның тіліне тән қолданыстар деуге болады. Олардың кейбірі қазақ әдеби тіліндегі сөздердің негізінде жасалып тұрса да, беретін мағынасы бүгінгіден өзгешерек. Ал көбі қазақ тілінің сөздік қорында ұшыраспайтын сөздерді қосарлау арқылы жасалған. Қазақ тілінде ұшыраспайтын сөздердің ішінде кірме элементтер де бар. Міне осы жағдайлардың бәрі Абайдағы қос сөздердің бастапқы мағынасына, тұлғалық ерекшелігіне, түп-төркініне қарай ажыратуды талап етеді. Мақалада қазақ әдеби тілінде жиі кездеспейтін бірақ Абайдың тіліне тән қос сөздер сұрыпталып, олардың бастапқы мағынасы түсіндіріледі. Абайға тән қос сөздердің ішінде төркіні белгісіз екінші сыңарларының этимологиясы түркі жазба мұралары және тілдері деректері негізінде талданады. Сондай қолданыстардың ішінде осы күнге дейін түркі материалдары негізінде талданбаған елсіз-күнсізде, дөң-айналу, әкә-үкә, сәлем-сауқат, телі-тентек, ұран-сүрен, ет-жүрек сияқты қос сөздердің тарихы қарастырылады.

Түйін сөздер: Абай, Абай шығармаларының тілі, қос сөздер, қос сөздің екінші сыңары, көнерген сөздер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-144-3-242-256>

Түсті: 22.06.2023 / Жариялауға қабылданды: 14.08.2023

Кіріспе

Тұрақты тіркестер, күрделі сөздерді күнделікті өмірімізде жиі қолданғанмен көпшілік қауым олардың құрамындағы жекелеген сөздердің мағынасына үңіле бермейді. Қос сөздің жалпы мағынасын түсінгенімен оның құрамындағы мағынасы көмескіленген кейбір сөздердің төркінін білуге асықпайды. Алайда күрделі сөздердің толық мәнін түсіну үшін оның құрамындағы архаизмдердің этимологиясын анықтау маңызды.

Көнедәуірлерден бастап осы күнге дейін түркі халықтары үшін сөздерді қосарлап қатар қолдану негізгі тәсілдердің бірі болған. Әсіресе көне ұйғыр жазулы мәтіндерінде сөз жасаудың бұл әдісі көп қолданылған. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі *аш-*

торуқ «аш-жалаңаш», *ағыр-улуғ* «құрметті», *ақсақ-чолок* «ақсақ-шолақ», *алыш-беріш* «алыс-беріс», *алп-алпағут* «алып-алпауыт», *ата-ана* «әке-шеше» секілді формалар осы күнге дейін қазақ және өзге түркі тілдерінде қолданылып келеді. Қос сөздер бүкіл түркі халықтарына тән деп айтқанымызбен әсіресе сөзге шешен болған көшпелі түркілер оны көбірек пайдаланғанға ұқсайды. Бір елдің сөздік қоры бай болған сайын қос сөздері де соншалықты мол болған. Мағыналасекісөзді қосарлап айта отырып сөйлегенде сөздің айтар ойдың экспрессивтік мәні толық жеткізілген. Мағыналас сөздерді қатар айтып қолданғанымен мұндай сөздерге ат қойып, оларды «қос сөз» деп атамаған. Қазіргі тілдік норма мен грамматикалық ережелерге сәйкес біз қатар қолданылған ондай екі сөздің арасына дефис қойып қос

сөз ретінде алып жүрміз. Тіпті бертінгі ХХ ғасыр басындағы қолжазбаларда, Абайдың түпнұсқа мәтіндерінде қос сөздер дефиспен ажыратылмаған. Ақын мағыналас екі сөзді қатар қолдану арқылы ойын, эмоциясын, ішкі күйін, қуаныш-күйінішін оқырманға мейлінше әсерлі әрі дәл жеткізген. Ал бүгінгі грамматика мен тілдік нормамыз бойынша қосарлап қатар қолданған мағыналас екі сөзді (немесе плеоназмдарды) қос сөз дейтініміз белгілі.

Қазірде қос сөз ретінде қатар қолданылатын компоненттер Абайдың өлең жинақтарында ажыратылып берілетін фактілер де бар. Мұндайда көбінесе ондай сөздер арасына жалғаулықтар қосалады немесе үтір қойылады. Мысалы: *телі мен тентек; берік бек; доспыз, асықыңыз; досым, асығым, досшар, дөң айналмай*, т.б. Тіпті қазақ тіліндегі *алқызыл, суқан, шыбын жан* секілді күрделі сөздер де о баста екі синонимдес сөзден құралып, құрамындағы тұлғалардың семантикасы ұмыт болғандықтан, бүгінгі күні қос сөз ретінде қарастырылмайды.

Қазақ тіліндегі қос сөздер қайталама және қосарлама қос сөздер деп бөлінетіні белгілі. Соның ішінде қосарлама қос сөздер «екі сыңары бірдей мағыналы қосарлама қос сөздер; бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз қосарлы қос сөздер және екі сыңары да мағынасыз сөзден жасалғандар» деп ажыратылады.

«Бір сыңары белгісіз қос сөздер *үйлі-баранды, әуре-сарсаң, шама-шарық, абысын-ажын*, т.б.; екі сыңары да белгісіз қос сөздер *талан-тараж, бұлан-талан, үргін-сүргін, жапа-тармағай, дел-сал*» [1, 188 б.].

Мағынасы көнерген, ұмытылған бірталай сөз осындай көне заманнан бері қалыптасып осы күнге жеткен қос сөздердің екінші компоненттерінен табылады. Ол сөздер түркі, моңғол, кейде араб-парсы тілдерінде жеке-жеке мағынада жұмсалады. Басқа тілдерде белсенді қолданылғанымен қазақ тілінде қос сөздердің бір сыңарларында ғана сақталады.

Абайдың шығармаларындағы қос сөздер құрамында кездесетін сөздердің төркіні әртүрлі. Ондай қос сөздердің бірқатары *дос-асық, дос-жар, ләм-мим, мұң-зар* сияқты араб-парсы элементінен жасалған синонимдік қос сөздер. Енді бірі түбі моңғол-түркі деп ажыратылмайтын бірақ ертеде кірген *некен-саяқ, сәлем-сауқат, ұран-сүрен, ауыл-аймақ* сияқты сыңарлары

моңғол тілдерінен ауысқан элементтер. Осының ішінде *некен-саяқ* қос сөзіндегі *некен* моңғол тіліндегі «бір, кейбір» мәніндегі *ниген* формасы болса керек. *Ауыл-аймақ* сөзінің соңғы компоненті моңғол тіліндегі *аймаг* «ру, тайпа; аймақ, өңір» мағынасындағы сөзбен байланысты.

Абайда қолданылатын кейбір қос сөздердің мағынасыз сыңары жергілікті халықтың тілінде жеке мағынада жұмсалады, мәселен, *құда-тамыр* дегендегі *тамыр* сөзі «дос» мағынасында Оңтүстіктегі қазақтар тілінде айтылады. Сондай-ақ, *сәлем-сауқат* қос сөзіндегі *сауқат* сөзі Шығыс Қазақстан говорларында *сапқыт* деген вариантта жұмсалады. Ал көпшілігі қазақтың төл сөзімен қосақтаса айтылып, қос сөз қатарын түзеп кеткен сөздер. Зерттеу бөлімінде Абай тіліндегі қосарлама қос сөздердің ішінде негізінен осындай бір сыңарының мағынасы анық, ал екінші сыңарының мағынасы көмескі тартқан төл қос сөздер нысана ретінде алынады.

Зерттеу әдістері

Мақалада Абай қолданған қос сөздер құрамындағы жекелеген сөздердің түп төркіні, шығу тегі көне түркі ескерткіштері мен қазіргі түркі, алтай тілдері материалдары негізінде талданғандықтан, тілдік талдауларда негізінен салыстырмалы, салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Жекелеген атаулардың түбірі мен мағынасы ажыратылғанда морфемдік және семантикалық талдауға жүгінілді. Абай шығармалары түпнұсқа деректерден оқылып салыстырылғандықтан, Мүрсейіт қолжазбаларынан сөздер жекелеп теріліп, қазіргі жинақтардағы нұсқаларымен фонетикалық, морфологиялық талдау әдістерімен салыстырылды. Ғалымдардың қос сөздерге байланысты ғылыми тұжырымдары жүйелеу, топтау, талдау, сипаттау әдістері арқылы көрсетілді.

Тақырыптың зерттелуі

Қос сөз сыңары болып келетін ескі бірліктер негізінен этимологиялық талдаулардың нысаны болады. Бұлардың біразы Ә.Қайдар «Парные слова в современном уйгурском языке» (1958), «Кейбір қос сөздердің этимологиясы» (1959),

«Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік» (2013); І.Кеңесбаев «Қазақ тіліндегі фразалық қос сөздер» (1950); Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш., т.б. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966); Г.Жәркешова «Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі» (1960); Р.Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» (1980), «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» (2009); Ә.Нұрмағамбетовтің «Қос сөздердің құпиясы» (1991), «Бес жүз бес сөз» (1994) т.б. сияқты еңбектерде талданып зерттелді.

Әсіресе, Ә.Қайдардың «Парные слова в современном уйгурском языке» атты еңбегі қос сөзге байланысты алғашқы көлемді еңбек болып саналады. Кітап ұйғыр тіліндегі қос сөздердің семантикасы мен олардың көмескі сыңарларының табиғатын ашуға арналған, атап айтқанда, басқа да түркі тілдері фактілері мен ескерткіштердің деректерін пайдалана отырып, қазақ тілінде жиі кездесетін бірнеше қос сөздердің көмескі сыңарларының ұмыт болған мағыналары ашылды. Мысалы: «Тұрақ – арық-тұрақ қос сөзінің екінші компоненті көне сөз. Бұл сөз Тоныкөк ескерткішінде жеке қолданылған: *туруқ буқа* «арық бұқа». Қырғыз т. *Арық-торық*; өзбек т. *Тырық*; бурят-монғол т. *Туранхай*; урянхай т. *Тору*. Қазақ тілінде *торығу* деген етістік түрінде де ауыспалы мағынаға ие болып қолданылады [2, 44 б.]. Кітапта синхрондық және диахрондық әдістер арқылы қазақ тіліндегі шаға (бала-шаға), шашын (жауын-шашын), баранды (үйлі-баранды), торым (тоқты-торым), жора (жолдас-жора), қырқын (қыз-қырқын), шар (дау-шар), тараж (талан-тараж), қалаш (қатын-қалаш), сарсаң (әуре-сарсаң), теге (түйе-теге) т.б. қос сөз сыңарларының төркіні туралы алғаш рет тұжырымдар жасалды.

Қазақ ғалымдары ұжымының (А.Ысқақов, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев, Ә.Қайдаров, А.Махмұтов, Ә.Құрышжанов, І.Кеңесбаев, С.Исаев) этимолог-ғалым ретіндегі зерттеулері «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігіндегі» мақалаларынан көрінді. Сөздік мақалалары көлемі мен айтқан ой, келтірген тілдік фактілердің молдығымен ерекшеленіп, барлық түркі тілдері мен ескерткіштерінің

фактілерін шебер пайдалану міндетіне аса назар аударылды. Мұнда *ұшан-теңіз, жамап-жасқау, құда-анда, тым-тырыс, ағайын-анжы, ағыл-тегіл, азын-аулақ, шама-шарық, үрім-бұтақ, ұсақ-түйек, тоқты-торым, телегей-теңіз, тентек пен тебіз, жылап-сықтап, сыбай-салтаң, қуғын-сүргін, сытырып-сиыру, ептеп-септеп, сүйек-саяқ, қиын-қыстау, қалы-кілем, күл-күбір, өлім-жітім, жүдеп-жадау, бірен-саран, бөлек-салақ, өсек-аяң, айып-анжы, алқызыл, алба-жұлба* [3, 238 б.] т.б. секілді қос сөз құрамында ғана кездесетін, бірақ жеке-дара қолданылмайтын, бұл күнде мағынасы түсініксіз сөздер түркі тілдері деректері негізінде талданды.

Р.Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» және «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» атты еңбектерінде жоғарыдағы жұмыстарда талданбаған бірқатар қос сөздердің екінші элементтері табылады. Атап айтқанда, *алқа-қотан, ара-тұра, арып-ашу, быт-шыт, ел-күн, жылы-жұмсақ, өлім-жітім, іркес-тіркес* [15, 188 б.]; *айып-шам, шым-шытырық, ат-ұлақ, некен-саяқ, қыз-қырқын, телегей-теңіз, жай-жапсар, тарту-таралғы, шал-шауқан, жапа-тармағай* [18, 31 б.] деген қос сөздердің құрамындағы көнерген сөздердің түпкі мағынасы ажыратылды.

Ғалымның «Ескіліктер ауыз әдебиеті үлгілерінде, алуан түрлі поэзиялық-прозалық шығармаларда; қос сөздердің сыңарларында; тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер құрамында; жергілікті (аймақтық) сөздерде; XV-XIX ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың тілінде кездеседі» [18, 24 б.] деп көрсеткеніндей тілдегі ескіліктердің едәуір көп бөлігі қос сөздердің сыңарларынан табылады. Сол үшін жоғарыдағы екі еңбекте талданған архаизмдердің біразы қос сөздерден алынған.

Ә.Нұрмағамбетовтің «Қос сөздердің құпиясы» [4, 3 б.] «Бес жүз бес сөз» [5, 7 б.] атты еңбектерінде *ұшты-күйлі, бұлан-талан, бал-бұл, асығып-аптығып, аптап-күптеп, алдап-арбау, алас-құлас, айт-үйт, ада-жұда, азық-түлік, ырым-жырым, ымы-жымы, ығай мен сығай, шала-шарпы, айып-шам, асығып-үсігу, үргін-сүргін, томаға-тұйық, ішек-сіле, суқан, ескі-құсқы, қарым-қатынас, сүрініп-қабыну, ұрыс-керіс, сөз-кеп, жүн-жұрқа,*

жөн-жосық, емін-еркін секілді бұған дейін талданбаған мағынасы күнгірт сөздердің этимологиясына пікірлер ұсынылды. Бірақ кей талдауларына келісуге болмайтын сияқты, басқа түркі тілдерінде ұқсайтын сөздің барлығы қазақтың сөзімен парпар келмейтін жағдайлар да болатынын ескерген жөн. Мәселен бір талдау төмендегідей сипатта:

«Айт-үйт» қос сөзінің бізге жұмбақ болып отырған сыңары «үйт» сөзі. Бірінші сыңары айту етістігінің бұйрық райлы түрі. «Үйт сөзінің де мағынасы «айт» сөзінің төңірегінен табылатындығы байқалады. Якут тілінде ыйыт. Дәл осы айту деген мағынада тек «үйт» дыбыстық құрамда чуваш тілінен де ұшыратамыз» [5, 12 б.].

Ғалым түркі тілдері ішінде периферик (ең көне элементтер сақталған және жырақтағы оқшау қалған тілдер) чуваш және якут тіліндегі айт сөзінің *үйт*, *ыйт* деген нұсқаларының қазақ қос сөзінде айт-үйтте сақталғанын алға тартқанымен, бұл тұжырымға келісуге болмайды. Ол тілдерде *айт* етістігінің өзі сол вариантта айтылады, үйткені жалпы түркі тілдеріндегі «а» дауыстылары якутта «ы», чувашта «ү» деп айтылады, бұл тілдік заңдылықтың қазақ тіліне қатысы жоқ, қазақтың өзінің «айт»-ы тұрғанда үйт деген нұсқасының болуы мүлдем мүмкін емес және ол тілдерден де кіруі неғайбыл.

Ш.Сарыбаев «Сөздердің тарихы мен сыры туралы» атты мақалада бұған дейінгі талдауларға қосымша ретінде *қызырқын, жаман-жасқау, өлім-жітім, жігіт-желең, жылап-сықтау, көйлек-көншек, арық-тұрық, ем-дом, келін-кепшік, сыбай-салтаң, анда-санда* секілді қос сөздердің екінші сыңарларының мағынасын ашып береді [1, 184 б.]. Солардың ішінде бір сөзге жасалған талдауы төменде берілген:

«Кейбір қос сөздердің бір сыңары жеке тұрып өз алдына қолданылып, екінші сыңары жеке-дара күйінде қолданылмай, тек қос сөз күйінде ғана қолданылады. Мысалы, көйлек-көншек дегендегі көншек сөзі бірқатар түркі тілдерінде өз алдына дербес сөз ретінде қолданылады. Көне қыпшақ тілдерінде көнчек деп ішкіімді айтса, Шығыс Түркістанда тұратын лобнорлардың тілінде көнчек деп

әйелдердің киетін көйлегін айтады. Демек, көйлек-көншек деген сөз өзара мағыналас екі сөзден құралған» [1, 185 б.].

Ғ.Мұсабаев та тілдегі сөздердің этимологиясын анықтауда қос сөздердің екінші компоненттерін анықтау маңызды екенін ескертеді. Ал олардың түпкі мағынасын түркі тілдері деректері негізінде табуға болатынын жазады:

«Жора-жолдас, бала-шаға деген қос сөздердің соңғы компоненттері түсініксіз. Бұларды жеке алғанда біздің тілімізде мағынасы жоқ. Бірақ бұл сөздерді этимология тұрғысынан қарастырсақ, жора деген сөз қырғыз тілінде біздің жолдас деген сөзіміздің орнына қолданылады. Шаға сөзі түрікпен, әзірбайжан тілдерінде бала дегеннің орнына қолданылады» [6, 130 б.].

Талқылау

Әкә-үкә «аға-іні, аға-көке». О бастағы (көне түркі) «әпке» мағынасындағы *еке* сөзі қазақ тілінде «аға» түрінде өзгеріп, ал «әке» нұсқасында қарама-қарсы мағынада қолданылса, өзбек тілінде «аға» мағынасында айтыла береді. Мысалы, Абай екінші қара сөзінде қазақтардың сартты сипаттауын бейнелегенде өзбектің «аға» мәніндегі *әкә* сөзін қолданады:

Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді: «енеңді ұрайын кең қолтық, шүддіреген тәжік, арқадан, үй төбесіне саламын деп, қамыс арқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әкә-үкә» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт» деген осы деп (2-қара сөз).

Осындағы *әкә* сөзі өзбек тіліне тән, қазақ тіліндегі *әке* (өзбек тілінде «аға» деген мағынада) тұлғасы да мұның фонетикалық нұсқасы. Әкенің көне мағынасында (өзбек тіліндегідей «аға» семантикасында) жұмсалуды Абайдың өлеңінде де байқалады. Қазіргі әдеби тілдегі *әке* сөзінің өзін Абай «әке» мағынасында емес, әулеттің немесе ауылдың үлкені, көкесі, ағасы деген мағынада пайдаланған сияқты, контекстен соны ұғамыз:

Қызыл арай ақ күміс алтын бергек/
Қызықты ертегіге көтерілмек

Ақсақалдың, *әкенің*, білімдінің / Сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек.

Қазақ тілінде *аға, әке, еке* формалары, Абайдағы *әкә* деген түрлі варианттар тілімізде ер адамға қатысты жұмсалғанмен ол көне мұраларда тек «әйел адам»ға қарата қолданылған. Қазіргі түркі тілдеріне келсек, *әке* сөзі түрлі фонетикалық варианттарында бірақ көбіне «аға, әке» мағыналарында жұмсалады.

«Соған қарағанда *аға, ақа, әке* сөздері о баста үлкенге қарата айтылатын атау болып, ер мен әйелге қатысты айтылуы кейінірек пайда болған. *Әке* сөзінің ер мен әйелді емес үлкенді немесе сыпайлықты білдірген алғашқы мағынасы қазақ тіліндегі «*әкем*» деген еркелету мәніндегі қаратпа сөзінде сақталған секілді. *Қуырдақтың әкесін түйе сойғанда көрерсің* мақалында да үлкен деген мәні аңғарылады» [8, 94 б.].

Сайып келгенде, *аға, ақа, еке, әке, әкә* бәрі бір сөз, бұл туралы *әке* сөзіне арнайы мақала жазған Е.Қойшыбаев та жазады:

«Аға/аха/ака/ақа/әке/еке/> -ка/-қа/-ке/-кә формалардың барлығы да о бастағы *аға/ақа* сөздерімен байланысты, бірақ әр тілде әртүрлі мағыналық жамылғыларға ие болған» [9, 152 б.].

Әкә тұлғасы Абай тілі сөздігіне де енген. Бұл түбі өзбекпенің сөзі болса да ақын қолданғандықтан оны сөздікке кіргізіп, хәкім Абайдың сөздік қорына қосу қажет деп ойлаймыз.

Ал екінші компонент *үкә* сөзіне келсек, бұл сөз және оның фонетикалық варианттары тілімізде мүлдем қолданылмайды.

Түркі тілдеріне келсек оның көбіне шағатай мен қарлұқ тілдеріне тән екенін анықтаймыз:

Шағатай жазба мұраларында *үке* «іні, бауыр» [10, 146 б.].

Ұйғыр т. *ука* «бауыр, іні»; *ака-ука* «аға-іні, бауырлар, ағайын»; өзбек т. *үкә/ука* «іні»; *әкә-үкә* «аға-іні» (УРС 12); қарақалпақ т. *үке* (өзбек тілінен алынған болса керек) «іні» (КкРС 519); түрік т. диал. *өке* «сіңді, қарындас» (DD III 1106).

Моңғол т. *өкин/өкий* «қыз; әпке»; халка т. *охин*, бурят т. *үхин*, калмақ т. *окэн* «қыз» [11, 223].

Сонымен Абай сарттардың қолданысы деп келтірген «*әкә-үкә*» қос сөзі де зерттеу нысаны ретінде алынып, қос сөздің қазақ

әдеби тілінде кездеспейтін екі компонентті жеке-жеке талданды. Тілдік фактілер ол екі тұлғаның да ақын көрсеткендей өзбек пен ұйғыр (Абай және көшпенді қазақтардың танымы бойынша сарттар) тілдерінде белсенді жұмсалатынын көрсетеді. Бұлар қарлұқ тілдеріне тән сөз болғанмен оны Абай қолданды, Абай тілі сөздігінде ақын қолданған сөздер алынған болса бұл қос сөз де сөздікке кіруге тиіс деп есептейміз.

Дөң айналмай (бізше *дөң-айналмай*) «көпке бармай, ұзамай, айналмай».

Бір көрмеге тәп-тәтті

Қазаны мен қалбаңы.

Дөң айналмай ант атты,

Бүксіп, бықсып ар жағы.

Абай тілі сөздігінде *дөң* сөзіне «биіктеу жоталы жер, төбешік, жота» деген анықтама берілген. Бұл өлең шумағындағы «көпке бармай, ұзамай, айналмай» мәніндегі *дөң айналмай* тіркесі де бұл *дөң* анықтамасы ішінде көрсетілген. Бірақ *дөң айналмай* тіркесіндегі *дөң*нің «төбешік» мағынасындағы *дөң* сөзіне қатысы жоқ болса керек. Мұндағы *дөң-оғыз* тілдеріндегі «айналу» мәніндегі *дөңмек* етістігі деп ойлаймыз: *дөң-* және *айнал-* етістіктері қатар келіп, «ұзамау, көп айналмау» деген мағына үстелді.

Төң- етістігі түркі жазба ескерткіштерінде тек көне мағынасында қолданылған. Мәселен Диуани лұғатит түрkte *төн-* етістігі оғыздарда айтылады деп жазылған. Хорезм дәуіріндегі сөздік Ибн Мұханна лұғатында *дөн-* «айналу»; *дөндүр-* «айналдыру» деп тіркелген. Мәмлүк қыпшақ жәдігерлерінен Китабұл идрақта *дөн-* сөзі «айналу, бұрылу; қайту» мағыналарында қолданылған. Клаусон дайындаған Шағатай дәуірі лұғаты Сенглах сөздігінде *дөн-* етістігі де сол семасында тіркелген.

Қазіргі түркі тілдерінде *дөң-* етістігі «айналу» мағынасында кең таралған, тіпті қазақ тіліне ең жақын саналатын қарақалпақ пен ноғайшада бастапқы семантикасында қолданылады (қазақ тіліндегідей ауыспалы «төнү» мағынасында емес).

Қарақалпақ т. *дөн-* «өзгеру, ауысу, айналу, құбылу» (КкРС 177); ноғай т. *дөн-* «айну, өзгеру, құбылу, бастарту, пікірін

өзгерту, сөзінен таю» (НРС 101); татар т. *дүн-* «айналу, бұрылу, аудару» (ТатРС 581); башқұрт т. *дүн-* «айналу, оралу, бұрау»; құмық т. *дөн-* «өзгеру, айналу; бөлшектеу, бұзылу; қартаю» (КумРС127); қарашай-балқар т. *дөң-* «сағы сыну, үмітін үзу; қарайым т. *дон-* «кері қайту, айналу, бұрылу» (КРПС 79).

Оғыз тілдер тобында бұл сөз көп мағыналы әрі белсенді жұмсалады:

Түрік т. *dön-* «қайту, оралу, қайтып келу, бұрылу, айналу»; әзербайжан т. *dön-* «сол мағ.» (АДИЛ II 149); түрікмен т. *dөөн-* «сол мағ.» (ТркмРС 282); гагауз т. *дөн-* «сол мағ.» (ГРМС 159).

Сонымен, *дөң-* бір етістік болса, *айнал-* да сол мағынадағы синонимдес етістік, сол себепті екеуін қос сөз деп қарастырған жөн. Екі мағыналас сөзден құралғандықтан қазіргі грамматикалық өлшем бойынша ортасына дефис қойып, қос сөз ретінде алған дұрыс. Сөздіктерге Абай қолданған қос сөздегі *дөң* сөзінің дұрыс мағынасын да қосса жөн болар еді.

Елсіз-күнсізде «елсіз-жұртсыз жерде, айдалада, жапанда».

Ұлы ақын Абайдың тілдік қорында *елсіз-күнсізде* деген қолданыс бар. Оны ақын бірінші қара сөзінде қолданған.

Хақім Абай алғашқы қара сөзінде бұл жасқа дейінгі өмірін алысып-жұлысып, әурешілікпен өткізгенін айта келіп, енді қалған өмірін қайтп, не қылып өткізетіні туралы сыр шертеді. Ел бағу? Мал бағу? Ғылым бағу? Дін бағу? дегендерге кезекпен тоқталып, ең соңында ойына келген нәрселерін қағазға жаза беруге, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылуға бел буады. Соның ішінде «Ғылым бағуға» қатысты айтқан екі сөйлемінде «елсіз-күнсізде» қос сөзін пайдаланады:

«Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? *Елсіз-күнсізде* кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік» (1-қара сөз).

Бұндағы *елсіз* деген форма түсінікті, ал *күнсіз* дегеніміз не? Неге ол елсізбен бірге дефиспен қос сөз түрінде берілген. «Ел

сөзіне аспандағы күннің не қатысы бар?» деген сұрақтың тууы әбден мүмкін.

Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? деген бірінші қара сөздің үзіндісіндегі *елсіз-күнсізде* қос сөзі, Абай тілі сөздігінде «айдалада, оңаша жерде» деп түсіндірілген. Түсіндірме дұрыс, енді бізге түсініксіз болып тұрған *күнсізде* формасының өзі не, соны талдап көрейік.

Біріншіден, Абайдағы *елсіз-күнсізде* әдеби тілдегі *ел-күн* қос сөзінің екінші сыңарына жатыс септік жалғауы жалғанған түрі. Абайдан бөлек бұл қолданыс ешбір жерде кездеспейді. Қазақ тілінде *ел-күн аманда; елде-күнде жоқ іс; елім-күнім* деген формаларда жұмсалады.

Ал *ел-күн* қос сөзі көне түрік жазба ескерткіштерінен бастап, қазіргі түркі тілдерінде «ел-жұрт» мағынасында қолданылатын күрделі атау. Сонда *күнсізде* формасының түбі «халық, жұрт» мағынасындағы *күн* сөзі болуы керек. Сөзіміз дәлелді болу үшін төменде түркі жазба ескерткіштері мен тілдерінен деректер келтіреміз.

Күн сөзі түрік жазба ескерткіштерінде көбіне қос сөз түрінде келеді:

Көне ұйғыр жазба мұраларында (IX-XI ғғ). *ил-күн* «халық, қауым»; *күн- қадаш* «тума-туыс» (ДТС 326). Көне ұйғыр қарібімен жазылған Оғыз қаған дастанында *йылқыларны, ел-күнлерни йерди, бедүк йаман бир кишк ерди* «жылқыларын, ел-жұртын жалмады, аузын арандай ашқан жаман жануар еді» деген сөйлемде «халық» мағынасы аңғарылады.

Құтты біліктің индексінде *күн* сөзі жеке «ел, жұрт, халық» деп түсіндіріліп, *ил-күн* «ел-жұрт» (КВ.245) деген қос сөз мысал ретінде келтірілген. Мәмлүк қыпшақ ескерткіші Китабұл Идрақта *ил-гүн* формасы «ел, жұрт, халық» деп анықталса, *илкүн* варианты «мемлекет» деп аударылған (КІ.22). Кітап авторы Абу Хаянның пікірінше *ил-күн* деген атау, *ил* «ел» және *күн* «аспандағы күн» сөздерінен құралған, одан «мемлекет» мағынасы шыққан. Соған қарағанда автордың өзі ол сөзді аспандағы күн сөзімен шатастырған.

Анадолы жерінде жазылған Қорқыт ата кітабының көне түрікше нұсқасында *ил-гүн*

қос сөзі: *илим гүнүм чапылды, қара башым буңлу олду* «елім шабылды, қара басым мұң болды» (DKK.240-1) сөйлемінде сақталған.

Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөз кең таралмай (қос сөздің бір элементі болған соң сөздің өзі сөздіктерге енбеген сыңайлы) тек қос сөз тұлғасында айтылады, әсіресе оғыз тілдерінде таралған. Туыс тілдер (Орал-алтай теориясы) немесе ертеде бір-біріне көп сөз беріп-алған көршілес халықтар деп есептелетін мажар мен моңғол тілдерінде жеке сөз ретінде қолданылады. Мысалы:

Башқұрт т. *ил-һүл* «ел, мемлекет, отан, орда» (БТһ I 375); татар т. *ил-көн* «ел, жұрт» [12, 117]. Хакас т. *күн* «халық, ел, ұлт, ұлыс»; *ир-күн* «ерлер, ер-жігіттер». Әзербайжан т. *el-gün* «халық, жамағат, бұқара, ел; туысқан, ағайын»; түрікмен т. *ил-гүн* «халық, жұрт»: *Илим-гүнүм болмаса, айым гүнүм догмасын* «Елім-жұртым болмаса, айым-күнім тумасын» (мақал) (ТДС 335); түрік т. *el gün* «басқалар, өзгелер, біреулер; ел-жұрт»; *ele güne karşı* «жұртқа қарсы»; *el günle eğlenmek* «Көппен көрген ұлы той» [13, 239 б.].

Мажар т. *хон* «мемлекет, ел». Моңғол т. *хүн* «адам» (КМРС 279).

Түркі тілдеріндегі деректер негізінде *ел-күн* дегендегі *күн* сөзі «аспан денесі» емес, «халық» мәніндегі *күн* сөзі деп анықтаймыз. Ал *ел-күн* болса, екі синоним сөзден құралған қос сөз: *ел-күн* = *ел-жұрт*. Сонда Хакім Абайдың қара сөзіндегі *елсіз-күнсінде* тіркесін сөзбе-сөз «ел-жұртсыз жерде, елсіз-халықсыз жерде» деп түсінсер болсақ, оның байырғы мағынасы мейлінше нақтылана түседі. Ал *елсіз-күнсінде* қос сөзі Абай тілі сөздігінде «айдалада, оңаша жерде» деп берілген. Түсіндірмедегі «айдалада» дегені мағыналық жағынан дұрыс анықтама, өйткені елсіз жердің өзі айдала болатыны анық. Қос сөздің сөзбе-сөз мағынасы негізінде бұл түсіндірмені «елсізде, елсіз-жұртсыз жерде, айдалада, жапан (құла) түзде» деп қосуға болады.

Ел-күн қос сөзі қазақ әдеби тілінде бірнеше тұлғада айтылады, мәселен, *елім-күнім* «елім-жұртым»: *ел-күн аманда* «ел аман, жұрт тынышта»; *елде-күнде жоқ іс* «ел салтында, жұрт әдетінде жоқ іс» [14, 127 б.].

Ер Тарғын жырында бұлар «елім, күнім» деп жеке сөздер сияқты берілген:

«Бұлғыр, бұлғыр, бұлғыр тау,
Бұлдырап тұрған құрғыр тау.
Қаптай қонар елім жоқ,
Елім, күнім Кәрібоз,
Сөйлесетұғын тілің жоқ
Ел таптырар ма екенсің.

Сонда жырда «Елім, күнім Кәрібоз» деп күн сөзі жеке берілген. Жеке берілмеу керек, өйткені бұлар көне түркі дәуірінен бері қос сөз түрінде жұмсалады. Баспаға тергендер «күн» сөзін жеке сөз деп ұғып, дефиспен ажыратпағанға ұқсайды.

Сонымен, жоғарыда келтірген тіл деректері негізінде *елсіз-күнсінде*, *ел-күн аманда*, *елде-күнде жоқ іс*, *елім-күнім* деген қос сөзден жасалған тұлғалар құрамындағы «күн» сөзі «ел, жұрт, халық» мағынасындағы сөз екендігін анықтадық. Оның «аспан денесі», яғни шуақ шашатын күнге қатысы жоқ. Бірақ тілімізде бұрыннан келе жатқан *ел-күн аманда* тұлғасы соңғы кездері *ай-күн аманда* деп өзгертіліп қолданылып жүр. Бұл туралы қазақтың белгілі академик ғалымы Рабиға Сыздықова айтқан болатын:

«Күн сөзінің қазақ тілінде «адам, кісі» деген мағынада жеке жұмсалуды ұмыт болғаны соншалық, бұл тіркесті қазірде *ай-күн аманда* деп қолданады. Бұл қолданыс әрі-беріден соң логикаға қайшы: ай мен күн өлмейтін, өшпейтін, әрқашан аман табиғат нысандары, ал *ел-күннің*, яғни халық, ел-жұрттың амандығы-жамандығы, өсуі, өшуі – логикаға сыйымды ұғымдар, сондықтан бұл күнде *ай-күн аманда* демей, *ел-күн аманда* деп келтіргендері жөн» [15, 68 б.].

Ғалымның айтқанындай, *ел-күн аманда* дегендегі күнді аспан денесі күнмен байланысты көріп шатастыру тілде бар. Тіпті, кейінгі кезеңде *ай-күн аманда* деген жаңа нұсқасы жиірек жұмсала бастағаны байқалады. Бұны да күн сөзінің «ел» мағынасы ұмыт болуынан туындаған құбылыс деп білеміз. Яғни *ел-күн аманда* тіркесіндегі «күн»ді аспандағы күн деп ұғып, елдің орнына ай сыңарын қосқан болса керек. Ал *елде-күнде жоқ іс*, *елім-күнім* дегендердегі күннің «халық» мағынасындағы сөз екендігі тайға таңба басқандай көрінеді. Қос сөздердің басым көпшілігі синонимдерден құралатынын ескерсек (бала-шаға, азық-түлік, өлім-жітім, т.б.), мұнда да күн және ел деген

мағыналас сөздердің қолданылғаны күмән тудырмайды. Оның үстіне көне түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдеріндегі тілдік деректер күннің «ел» мағынасындағы сөз екендігіне дәлел бола алады.

Қазақ әдеби тілі сөздігінде күн сөзі туралы жеке мағлұмат берілмеген, *ел-күн*, *ел-күн аманда* тұрақты тіркесі ғана түсіндірілген. Абай тілі сөздігінде де солай, қос сөздің екінші сыңары *күнсінде* формасы жеке түсіндіріліп жазылмаған. Ілгеріде Абайдағы қос сөздердің құрамындағы сөздерді де сөздіктерге енгізіп, олардың түпкі мағынасын беріп отыру жөн деп санаймыз.

Жоқ-жітік. «Кедей-кепшік, жарлы-жақыбай» дегенді білдіретін *жоқ-жітік* қос сөзін Абай бір өлеңде ғана қолданады:

Мұңды, шерлі, жоқ-жітік

Аңсап алдын кернепті.

Бәрінің көңлін тындырып,

Біреуін ала көрмепті.

Жоқ-жітік қос сөзінің құрамындағы *жітік* сөзі жеке қолданылмайды әрі жеке тұрып мағына білдірмейді. Қазақ тілінде *жітікке саяқ* немесе *жітікке саяқ қосылады* «жоққа тән, есепке жоқ» деген тұрақты тіркестерде ғана кездеседі. Оның түбірі жоқ болу, өлу мағынасындағы көне жіт-етістігі. Оған көне түркі тіліндегі есімше тудырушы -ік (-үк) жұрнағы қосылып о боста «жоғалған, өлген» семантикасынан «жоқ» деген мағына туған болса керек. Жіт-етістігі қазақ әдеби тілінде *өлім-жітім* қос сөзінде де қолданылады.

Қазақ тіліндегі *жіт-* түбірінен шыққан *өлді-жітті*, *өлім-жітім* қос сөздері мен *жітік* архаизмінің бір-бірімен байланысты екендігін лексиколог ғалым Жанпейісов та ескертеді [16, 92 б.].

Жітік көнерген сөзінің жоғарыда айтқандай негізгі мағынасына көне түрік ескерткіші мен тілдері дәлел бола алады:

Диуани лұғатит түрkte *йитүк* «жоғалған, жоғалтқан»: *Йитүклүг анасы қойун ачар* «Затын жоғалтқан оны іздеу үшін анасының қойнын ашудан тайынбас» деген мағынада» (мақал) [17, 452 б.].

Түрік т. диал. *yitik* «жоғалған нәрсе»; әзербайжан т. *итик* «сол мағ.»; түрікмен т. *йитик* «сол мағ.» (ТДС 350). Якут т. *сүтүк*

«жоқ, ғайып болған, жоғалған». Хакас т. *чидіг* «жоқ, жоғалған»; тува т. *чидириг* «сол мағ.» (ТувРС 532).

Қазақ тілі сөздіктерінде *жітікке* қатысты түсіндірме жоқ, тек *жітікке саяқ* тіркесі ғана берілген. Абай тілі сөздігінде де жітік сөзі тіркелмеген. Қос сөздердегі екінші сыңарлардың түпкі мағынасы нақты анықталғандықтан оларды сөздіктерге енгізіп, тілдің сөздік қор байлығын оқырман қауымға жеткізу артық болмас. Күрделі сөз құрамындағы элементтің өзі талданып берілмегенімен қос сөздің өзі де Абай тілі сөздігінде табылу керек. Күрделі сөз құрамындағы элементтің өзі жеке талданып берілмеген күннің өзінде қос сөздің Абай тілі сөздігінде берілгені жөн.

Маң-маң «аспай-саспай, жай басып».

Маң-маң басып,

Мен-мендігі асып,

Мал бітті деп, көңілі

Көтеріліп тасып [7, 430 б.].

Маң-маң қос сөзі қазақ тілінде *маң-маң басу* тіркесі құрамында айтылады. Қос сөз құрамындағы *маң* сөзі де жеке қолданылмайтын мағынасы белгісіз, көнерген сөздердің бірі. Қазақ әдеби тілі сөздігінде «маң-маң басу»-дағы *маң* сөзі «жай, ақырын, баяу» деп түсіндірілген (ҚӘТС XI 63). Бұл анықтама *маң басу* тіркесінің беретін мағынасына қарай берілген сияқты. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде *маң-маң басу* тіркесінің құрамындағы *маң* сөзі түркі тілдеріндегі «жүріс, қадам, адым; жүру, адымдап жүру» дегенді білдіретін *маң* атауы мен *маңу* етістігімен байланыстылығы жайында жазылған. Мақала авторы С.Исаев *маң* сөзі қазақ тілінде кейін келе-келе бастапқы мағынасынан ажырап, «жай, баяу, ақырын» мәніне ауысқанын айтады [3, 143 б.].

Сонымен, Абайдағы *маң-маң басу* тіркесінің құрамындағы *маң* «адым, қадам» деуге де негіз бар. Өйткені түркі жазба ескерткіштерінде бұл сөз етістік және есім болып, сонымен қатар туынды формаларында да кездеседі:

Көне ұйғыр жазулы мұраларында *маң* «қадам, адым» (ДТС 336). Диуани лұғатит түрkte *маңыг* «қадам»: аның маңығы көр «оның қадамына қара» [16, 604]. Құтты

білікте маң- «жүру, адымдау» (КВ.3659...); маңым «қадам» (КВ.1389).

Абай тілі сөздігінде аталған маң-маң сөзі немесе оның құрамындағы маң сөзі туралы түсіндірме берілмеген. Ғалымдар түбірін анықтап, түпкі мағынасын ажыратқан маң сөзі я болмаса қос сөздің өзі сөздікте болғаны дұрыс.

Сәлем-сауқат «сәлем, сәлемдеме; сыйлық, сарқыт, сыбаға». Қазіргі қазақ тілінде *сауқат* сөзі жеке қолданылмайды, *сәлем-сауқат* қос сөзі ретінде жұмсалады. Абай да өз өлеңінде *сәлем-сауқат* қос сөзін қолданған:

Аптығып, асау інің келді, ақсақал!
Тау-тасқа, адамзатқа салып жанжал,
«Дем алайын» деп келдім, аш
қойныңды,

Сәлем-сауқат әкелдім, хош көріп ал
[7, 383 б.].

Абай қолданған *сәлем-сауқат* қос сөзіндегі *сауқат* сөзі қазақ әдеби тілінде жеке қолданылмайды. Тек оның *сауға* деген варианты көнерген сөз болып *Батырдан* – *сауға, бәйгеден* – *олжа* деген сияқты мақал-мәтелдерде айтылады.

Е.Жанпейісов *сауға* және *сауқат* формаларының бір түбірден шыққанын алға тартқан. Дәлел ретінде қазақ тіліндегі *сауғаның* әзербайжан тіліндегі *савгат*-пен бірдей мағынада қолданылуын айтады [16, 13 б.].

«Сыйлық» деген негізгі мағынадағы сауқат сөзі ортағасырларда моңғол тілінен кірген деп пайымдауға болады, өйткені одан ерте кезеңдерде бұл атау қолданылмаған, оның орнына *белек, армаган, амуч, тартығ* атаулары кездеседі. Сонымен бірге, Ибн Мұханна лұғатында *сауғат* терминіне «сыйлық, сәлемдеме» (IML.230) деп анықтама беріліп, моңғолша сөздердің тізімінде берілген. Моңғол сөздері көбірек кездесетін Хорезм-Алтынорда дәуірі жазба ескерткіші Мұқадиметұл әдеп атты жәдігерде *сауқат/сауғат* нұсқалары да «сыйлық» (ME.78-8) деп аударылған. Шағатай дәуірінің көрнекті өкілі Алишер Әлішер Науаи сөздігінде *сауғат/соуғат/соуқат* деген сөз варианттары «сый, сыйлық, сәлемдеме» деп көрсетілген [17, 992 б.]. Р.Сыздықова Жамиғат тауарихтағы

сауқат терминін «соғыстан түскен олжа» деп түсіндіреді [18, 157 б.].

Қазіргі түркі тілдерінде *сауға* және *сауқат* деген екі варианты да қатар айтылып, бірақ семантикасы ауысып «аңнан немесе соғыстан түскен олжаның үлесі» мәнінде жұмсалады. Мысалы, қырғыз тілінде *соогат* та *соога* да «соғыс, аң олжасынан бөлініп берілетін үлес, сый, сыйлық» деген мағынада бірдей сақталған. Ноғайшада да солай *сауқат* пен *сауға* «сый, кәде, сәлем-сауқат» (НРС 281) мағынасында жұмсалады. Қарақалпақ тілі сөздігінде тек *сауға* «соғыс не аңнан түскен олжадан тең бөлінетін сый» (КкРС 568) тұлғасы берілген. Башқұртшада т. *сауға* «соғыс немесе аңнан түскен олжадан берілетін сый» (БТһ II 179) нұсқасы тіркелген.

Ал құмық пен қарашай-балқар тілдерінде, ұйғыр мен өзбекшеде және түрікмен тілінде көне мағынасында сақталған, мәселен, құмық т. *сауғат* «сыйлық, кәде, сый; марапат»: *сауғат етіп бер* «сыйлық ретінде бер»; қарашай-балқар т. *сауға* «сый, сыйлық, кәде, сәлем-сауқат; марапат»: *сауға бер-* «сыйға тарту; марапаттау»; ұйғыр т. *соға* «сыйлық, сый»: *соға қилмоқ* «сыйлық ету»; өзбек т. *соуға* «сәлемдеме, көңілашар сыйлық» (УТИЛ II 164); түрікмен т. *совгат* «сыйлық, кәде» (ТДС 584).

Моңғол тіліндегі бастапқы формасы *сауғад* және семантикасы «сый, сәлем-сауқат, сәлемдеме» деп көрсетілген [17, 99 б.].

Сайып келгенде, Абай қолданған сәлем-сауқат қос сөзіндегі *сауқат* сөзі қазіргі қазақ тіліндегідей «сауға, олжа, үлес» мағынасында емес, ортағасыр жазба ескерткіштері мен моңғол тіліндегідей, яғни бастапқы «сый, сәлемдеме, тарту» семантикасында сақталғанға ұқсайды. Абай тілі сөздігінде сәлем-сауқат қос сөзі «сый, тарту» деп анықталып берілсе де [19, 445 б.] оның құрамындағы *сауқат* сөзіне жеке түсіндірме берілмеген.

Телі-тентек «есер, содыр-сотқар, ақымақ»:

Бектікте біреу бектеп тұралмай жүр,
О-дағы ұры-қарды қыралмай жүр.

Қарсылық күнде қылған телі-тентек.
Жаза тартып ешбір сұралмай жүр
[7, 9 б.].

Телі-тентек қос сөзіндегі *телі* сөзі қазақ тілінде жеке жұмсала бермейді, көбіне телі мен тентек деп қатар айтылады.

Абай қолданған телі-тентек қос сөзіндегі *телі* сөзінің бастапқы мағынасын этимолог ғалым Ә.Нұрмағамбетов түркі тілдері деректері негізінде түсіндіреді:

«Кейбір түркі тілдерінде «телі» тұлғалас сөз жеке тұрып та тиісті мағынасын береді. Башқұрт тілінде «тиле», қырғыздарда «тели», телеуітше «телі», ноғайларда «дели», хакастарда «теліг» сөздері біздің түсінігіміздегі «ақымақ, есі ауысқан, жыңды, топас» тәрізді жағымсыз мағыналарда жұмсалады. Осыған қарағанда «телі-тентек» қос сөзі «ақымақ-ақымақ» дегенге нұсқайды» [20, 269 б.].

Ал Е.Жанпейісов Абай жолы романында да кездесетін *телі-тентек* қос сөзіндегі *телі* көнерген сөзін *делебесі қозды* тұрақты тіркесінің құрамындағы *делбе/телбе* тұлғасымен байланысты көреді [21, 95 б.].

Түркі тілдері мен ескерткіштері деректеріне жүгінсек, *телінің* «ақымақ, есі ауысқан, есуас» мағынасындағы сөз екеніне көз жеткіземіз. Мысалы, Диани лұғатит түрkte *телу* атауы оғыз тілінде «ақымақ жыңды, есі ауысқан» деп көрсетілген [16, 447]. Мәмлүк қыпшақ жазба мұрасы Қитабы межмуада *телі* деген нұсқасы «ақымақ» деп аударылған [22, 198 б.]. Шағатай жазба жәдігерлерінде *дели/тели* «есалаң» деген екі варианты қатар жұмсалған [10, 375 б.].

Қазіргі түркі тілдері ішінде қыпшақ, сібір тобында *тели*, оғыз бен қарлұқта және кейбір қыпшақ тілдерінде *дели* нұсқаларында айтылады: Қырғыз т. *тели* «жылқы ауруы; жыңды»; ноғай т. *тели/дели* «жыңды; қайсар, жаужүрек»: *Тели биімес, биісе тоқтамас* «Телі билемес, билесе тоқтамас» (мақал) (НРС 99); татар т. *тили* «жыңды» (ТТАС 97); башқұрт т. *тили* «сол мағ.» (БРС 525); қарашай-балқар т. *тели* «сол мағ.» (КБРС 618); құмық т. *дели* «сол мағ.» (КумРС 125). Ұйғыр т. *делли* «жыңды, ақымақ» (ҮУТС 96). Түрік т. *deli* «есінен адасқан, жыңды; мықты, жүрек жұтқан» (ТС 615); әзербайжан т. *däli* «сол мағ.» (АДИЛ II 61); түрікмен т. *däli* «сол мағ.» (ТДС 286); гагауз т. *дели* «сол мағ.» (ГРМС 136).

Қазақ тілінде телі архаизмі аталған қос сөзден бөлек *делқұлы, делбе, делебе, дүлей*

формаларында түрлі варианттарында сақталғанға ұқсайды.

Сонымен, телі-тентек сөздерін қатар беріп қос сөз ретінде қолдану Абай тіліне тән. Қолда бар деректер негізінде оның сыңарларының ақынға дейін жеке-жеке немесе арасына жалғаулық шылаумен, тіпті бірыңғай мүше ретінде жұмсалғаны аңғарылады:

Тозып кеткен ел жұртын / Тегіс жинап алады.

Тентегі мен телісін / Түзетіп жөнге салады (Алпамыста)

Шұбар ағаш, құба жон мекен еткен шөлде, ием / Телі менен тентегің иіліп алдыңа келді, ием (Бұхар жырауда).

Ет-жүрек «жан-жүрек, тән мен жүрек». Қазіргі Абайдың өлеңдер жинақтарында *ит жүрек* деп жазылып жүрген қолданыс бар, мәселен:

Сенісерге жан табалмай / Сенделеді ит жүрек.

Тірілікте бір қана алмай / Бұл не деген тентірек? [7, 183 б.].

Абай қолжазбасында *ет жүрек* деп жазылған қос сөз қазіргі басылымдарда жаңылысып *ит* деп өзгертіліп қалғанға ұқсайды. Өйткені 1907 жылғы Мүрсейіт нұсқасында *ет жүрек* деп жазылған:

Сенісерге жан табалмай / Сенделеді **ет жүрек**.

Тірілікте бір қаналмай / Бұл не деген тентірек? [23, 153].

Ет жүрек деген қолданыс Абайда бірнеше рет кездеседі:

Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін / Тіл үйренген нәфсінің қу мінезін.

Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма / Чымылдық боп көрсетпес чынның жүзін

Кәрі, жас дәурені өзге тату емес / Епке көнер **ет жүрек** сату емес.

Кімде кім үлкен болса екі мүчел / Мал беріп алғанменен хатұн емес

Ет жүрек өртеңді / От боп жанып / жалын чалып ішіме [23, 142-168 б.].

Қазіргі жинақтарда да *ет жүрек* қолданысы дефиспен ажыратылмай қос сөз ретінде берілмесе де оның *ет* және *жүрек* деген бір-біріне мағына жағынан жақын сөздерден жасалғанына қарап қос сөз ретінде алуға мүмкін сияқты. Өйткені мұндағы *ет* сөзі жүректі анықтап тұрған

жоқ, ет өз алдына «дене, тән» семасындағы атау болып тұр.

Абай тілін зерттеуші академик Р.Сыздықованың өзі Абай шығармаларындағы *ет* атауын «дене» мағынасындағы сөз деп жеке атап көнерген сөздер ішінде қарастырады:

«Абай қол, қар, ет тәрізді сөздердің қолданудан қалып бара жатқан көне мағыналарын да пайдаланады... Ет сөзінің қазақ тіліндегі көне мағынасы кейбір түрік тілдері сияқты «дене» дегенді білдіреді... Абай да ет сөзін бірнеше жерде «дене» мағынасында қолданады» [24, 143 б.].

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде де «дене» мағынасында ет сөзінің етпетінен құлады (ет-бетінен құлады «денесімен құлады») тұрақты тіркесінде сақталғаны туралы жазылған [3, 75 б.].

Ет сөзінің Абайдағыдай «жан, тән, дене» мағынасында жұмсалуды «Ет ашумен істеді, Ет жақын, Ет етке сорпа бетке» деген сияқты тұрақты тіркестерде көрінеді. Тіпті төмендегі жар-жар шумағында да сол семантика айқын аңғарылады:

Есіктің алды қия еді, жар-жар!

Қияға біткен мия еді, жар-жар!

Әкең берген қамқа тон, жар-жар!

Етіңе қайтып сияды, жар-жар! (Жар-жардан үзінді).

Етсөзінің түрік жазба ескерткіштеріндегі қолданылған мағынасына қарап, оның Абайдағы қос сөздің сыңарындағы мәнімен әбден сәйкес келетінін аңғарамыз. Мәселен, көне ұйғыр жазулы мұраларында *ет-өз* «дене, өзі, кісі» (ДТС 186); Құтты білікте *ет-өз* «дене, бой, тән» (КВ.332...); Диуани лұғатит түркіте *ет-йин* «дене» [16, 463 б.].

Қазіргі түркі тілдерінде де *ет* сөзінің осы мағынасы көрінеді, тіпті Абайдағыдай қос сөздер құрамында қолданылады:

Қырғыз т. ет-тен «дене»; құмық т. *ет-йалангач* «тыр жалаңаш»; қарашай-балқар т. ет-жен «тума-туыс»; өзбек т. ет-сүйәк «жан-дене» (УТИЛ II 455); алтай т. ети-сөөк «дене» (РусАС 751); тува т. *ет-бот* «тұла бой»; ет-хан «ет-жүрек, ет-қан»; якут т. ет-сиин «дене»; ет-хаан «сол мағ.» (ЯРС 549); чуваш т. үт-пү «сол мағ.» [25, 302 б.].

Байқағынымыздай ет сөзі түрік жазба ескерткіштері мен тілдерінде көбіне қос сөз түрінде қолданылады, Абайдағы ет-жүрек

қолданысы да анықтауыш сөз емес қос сөз болу керек деп пайымдаймыз.

Алынған нәтижелер

Сонымен, қос сөздердің жалпы мағынасы түсінікті болғандықтан олардың құрамындағы жекелеген сөздердің көне немесе өзге тілге тән тұлға екенін сезе бермейміз және олардың жеке тұрғандағы мағынасы қандай екен деп іздеп те жатпаймыз. Ал олардың жеке тұрғандағы мағынасын білу арқылы ақындардың айтар ойын, жеткізгісі келген астарын терең түсінуге болады. Ақын тіліндегі қос сөздерді теріп талдау арқылы оның құрамындағы сөздердің төркіні басқа тілдерден немесе мағынасы ұмыт болған төл көне сөз екені анықталды. Мәселен, Абайдағы қос сөздер құрамында келетін бір сыңары *асық, аймақ, сауқат, қар, гиззат, абұйыр, сүрен, некен* сияқты басқа тілдік элементтер және әдеби тілде белсенді жұмсалмайды немесе қазір өзгеше формада қолданылады. Солардың ішінде *аймақ, сауқат, сүрен, некен* деген формалар моңғол тілдерінен енген. *Гиззат, абұйыр* деген тұлғалар араб тіліндегі нұсқасына жақын алынған, өйткені әдеби тілде қазір олар *изет, абырой* т.б. түрлерінде жазылады. Абай кірме сөздерден өзінің қаламына тән де қосарлама қос сөздер жасаған. Оған *күй-жай, сұм-сұрқия, әні-шаны, қар-жар, әділет-шапқат, думан-сауық, керім-кербез, ұрлап-қарлап* тәрізді мысалдарды жатқызамыз. Бұлардың көбі Абай тұсында енген қолданыстар деп айтуға да негіз бар. Өйткені бұлар қазіргі әдеби тілде *жай-күй, ойын-сауық*, т.б. сияқты өзге нұсқаларда жұмсалады.

Ақын тіліндегі тағы бір ерекшелік қазіргі күні *қатын-қалаш, дау-шар, құда-анда, дос-тамыр* секілді жазылып жүрген формалар қос сөз түрінде емес, арасына жалғаулық немесе басқа сөздер салып, үтір қойып ажыратып қолдану ерекшелігі байқалады. Ақындағы *қатын мен қалаш, дау мен шар, құда, тамыр; доспыз, асықпыз* т.б. сияқты мысалдар соның айқын дәлелі болса керек.

Абайдағы қос сөздердің ендігі бір компоненті түбі түркі төл сөз болса да өзге тілдерде қолданыла бермейді, мысалы:

жайқаң-қайқаң, айпар-жайпар ыржаң-қылжаң, жыртаң-тыртаң, т.б. Осы мысалдардың ішінде *жайпау* етістігі қазақ тілінде қолданылса да *айпау* жеке жұмсалмайды. Тек *Алдын айпар, жанын жайпар* (шалғы) деген жұмбақта кездеседі. Оны қырғыз тіліндегі «жайпау, жалмау, опыру» мәніндегі *аймау* етістігімен байланыстырамыз. Ақын шығармаларындағы қос сөздердің құрамындағы *телі, саяқ, жітік, күн, бек, маң* секілді көнеліктер көне түркі ескерткіштеріне тән. Этимолог ғалым Әбдуәли Қайдар «Бір компонентінің мағынасы ұмыт болған не қос компоненті бірдей бастапқы мағынасын жоғалтқан қосарлы қос сөздер міндетті түрде «Этимологиялық сөздіктің» нысаны болуға тиіс» [26, 61 б.] дегендей Абайдағы қос сөздер құрамындағы ескі бірліктер этимологиялық ізденістердің нысаны болуға тиіс.

Қорытынды

Қорыта келгенде, мағынасы күңгірттенген жекелеген атаулардың түпкі мағынасын ашу қазақ тіліндегі сөздік қордың молаюына септігін тигізеді. Өйткені қос сөздердің құрамындағы көнерген сөздердің көбі сөздіктерге ене бермейді. Ал олар еленіп, теріліп, жеке сөз ретінде семантикасы анықталатын болса, ілгеріде сөздіктерге де кіріп, одан кейін жаңа термин, атаулар ретінде қызмет ете алады. Қос сөздердің екінші сыңарларының түп-төркінін ажыратып талдаудың маңызының бірі осында жатыр. Осы бағыттағы зерттеулер сонысымен құнды, өзекті саналады.

Абайдағы *елсіз-күңсізде, жоқ-жітік, некен-саяқ, сәлем-сауқат, телі-тентек, ұран-сүрен, ұры-қары, ұрлап-қарлап* сияқты қос сөздердің бірінші не екінші сыңары бұл күнде жеке айтылмайтын мағынасы күңгірт сөздер. Олардың түпкі мағынасына қатысты түркі тілдері сөздіктерінен деректер табылса да, түбірі әлі де ажыратылмады. Сондықтан ондай сөздердің төркінін анықтау әлі де этимология саласының негізгі мәселелерінің бірі болып қала береді. Өйткені қос сөздерде көне, ескі тұлғалар мен сөздер

сақталатыны аян. Бұлардың көбі ертеде түркі тілдерінде болған сөздер. Мысалы, *елсіз-күңсізде* деген қос сөздің екінші сыңары – *күн* көне түрік жазбаларында «ел, жұрт» мағынасындағы сөз. Енді осы *күн* сөзінің өзі қай тілден енген? Енбеген болмаса о бастағы түбірі қайсы? деген сауалдардың жауабын іздеу керек. Сол сияқты *жоқ-жітік* қос сөзінің құрамындағы *жітік* сөзі жеке қолданылмайды әрі жеке тұрып бір мағына білдірмейді. *Жітік* көнерген сөзінің негізгі мәнін түрік ескерткіштері мен тілдері арқылы анықтаймыз, мәселен, Диуани лұғатит түркіте *йитүк* «жоғалған, жоғалтқан» деген мағынаны білдіреді. Ал оның түбірі «жоқ болу, өлу» мағынасындағы *йит-* етістігі екені айқын.

Мақалада талданған осындай қос сөздердің көне сыңарларының Абай тілі сөздігінекірмегеніназараудартады. Сөздікке кірмеген қос сөздердің компоненттері ішінде *әкә, үкә, күн, некен, сауқат, телі, сүрен* және т.б. сөздер бар. Абай қолданған қос сөз сыңарларын сөздікке жеке мағынасын бере отырып қосса, ақынның сөздік қорын сапалық және сан жағынан арттыруға болар еді. Абайда әлі *берік бек; дос асық, дос шар* (жар парсы тілінде «дос»), *көш қонды* секілді қос сөз түрінде ажыратылмаған күрделі сөздер мен тіркестер көп кездеседі. Солардың құрамындағы сөздерді жеке-жеке ажыратып Абай қолданған мағыналас сөздерді қос сөз түрінде ажыратуға әлі де болады. Ақын тіліне тән өзге қаламгерлердің тілінде кездеспейтін *дос-асық, дос-жар, жанжал-керіс, жейде-дамбал, қар-жар, құда-тамыр, сырнай-керней, ұрлап-қарлап, ұры-қар, ұры-бөрі, ілді-жұлды, ішпек-жемек* деген қосарлама қос сөздерді деп зерттеп, түбір немесе туынды қос сөздер деп ажыратып, грамматикалық жасалу жолдарын зерттеу әлі де өзекті.

Қаржыландыру

Аталған мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен АР13268734: «Абай және Шәкәрім тіліндегі көнерген сөздердің семантикасы және түп-негізі» атты гранттық жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Сарыбаев Ш. Тіл-ғұмыр: ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Тіл білімі институты, 2018. – 312 б.
2. Кайдаров А. Парные слова в современном уйгурском языке. – Алма-Ата: Наука, 1958. – 169 с.
3. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш., т.б. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
4. Нұрмағамбетов Ә. Қос сөздердің құпиясы. – Алматы: Жалын, 1991. – 96 бет.
5. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз: сөз төркіні. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 бет.
6. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 бет.
7. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 696 бет.
8. Құрманбайұлы Ш., Әділов М. Тәте» және өзге де туыстық атаулардың семантикасы. *Turkic Studies Journal*, 2022, №3. – 85-102 б.
9. Қойшыбаев Е. 1973. Әке және тегі сөздерінің семантикалық өзгеруі жайлы // Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. – Алматы: Ғылым. – 149-157 б.
10. Будагов Л. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. – Санкт-Петербург: Типография императорской академии наук, 1869. 1-том. – 821 с.
11. Санжеев Г., Орловская М., Швернина З. Этимологический словарь монгольских языков. – Москва: Институт востоковедения РАН, 2015. – 225 с.
12. Öner M. *Kazan-Tatar Türkçesi Sözlüğü*. – Ankara: TDK Yayınları, 2015. – 358 s.
13. Gülensoy T. *Türkiye Türkçesindeki Türkçe Sözlüklerin Köken Bilgisi Sözlüğü*, – İstanbul: Bilge Kültür Sanat, 2018.
14. Қайыржан К. Сөз-сандық: қазақтың көне сөздері. – Алматы: Өнер, 2013. – 480 б.
15. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат баспасы, 1994.
16. Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы: Наука, 1989. – 288 с.
17. Ercilasun A.; Akkoynlu Z. *Divânu Lugâti't-Türk*. – Ankara: TDK Yayınları, 2015.
18. Kaçalın M. *Niâzi, Nevâî'nin Sözleri ve Çağatayca Tanıklar*. – Ankara: TDK Yayınları, 2011. – 1300 s.
19. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 бет.
20. Ысқақов А. (ред.). Абай тілі сөздігі. – Алматы: «Ғылым», 1968. – 736 б.
21. Жанпейсов Е. Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым баспасы, 1976. – 168 б.
22. Құрысжанов А. Исследование по лексике старокыпчакского памятника XIII века тюркско-арабского словаря. – Алматы: Издательство Наука Казахской ССР, 1970. – 234 с.
23. Петек Е. Абай өлеңдерінің қолжазбалары. – Алматы: Ұлағат баспасы, 2023. – 408 б.
24. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы: Ғылым, – 1968. – 331 б.
25. Федотов М. Этимологический словарь чувашского языка. – Чебоксары, 1996. – 470 с.
26. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 256 б.

Ш. Құрманбайұлы, М.Е. Адилов

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан*

Семантические особенности парных слов в произведениях Абая

Аннотация. Употребления парных слов особенно характерен для тюркских языков. Парные слова встречаются в большом количестве в древних и средневековых тюркских письменных памятниках. В казахском языке также парные слова – распространенный метод словообразования. Этот способ словообразования был использован Абаем в большом количестве. Многие из этих слов у Абая являются типичными для языка поэта, которые не используются в современном литературном языке. Несмотря на то, что некоторые из этих слов составлены на основе слов казахского литературного языка, значение этих компонентов в настоящее время отличается. А многие парные слова состоят из слов, которых нет в словарном запасе казахского языка. В казахском языке среди архаизмов, которые сохранились в парных словах, есть и заимствованные элементы. Все эти случаи требуют различия

по первоначальному значению и происхождению парных слов у Абая. В статье отсортированы компоненты парных слов, часто не встречающиеся в казахском литературном языке, но характерные для языка Абая, и объясняется их первоначальное значение. Этимология характерных для Абая парных слов будет проанализирована на основе данных тюркского письменного наследия и языков. Среди таких использований рассматривается история таких парных слов, как «елсіз-күнсiзде, дөң-айналу, әкә-үкә, сәлем-сауқат, телі-тентек, ұран-сүрен, ет-жүрек», которые до сих пор не проанализированы на основе тюркских материалов.

Ключевые слова: Абай, язык Абая, парные слова, компоненты парных слов, архаизмы.

Sh. Kurmanbaiuly, M.E. Adilov

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Semantic features of paired words in Abai's works

Abstract. The use of paired words is especially characteristic of the Turkic languages. Paired words are found in large numbers in ancient and medieval Turkic written monuments. In the Kazakh language, paired words are also a common method of word formation. This method of word formation was used by Abai in large numbers. Many of these words in Abai are typical of the poet's language, which are not used in modern literary language. Despite the fact that some of these words are based on the words of the Kazakh literary language, the meaning of these components is currently different. Many paired words consist of words that are not in the vocabulary of the Kazakh language. In the Kazakh language, among the archaisms that have been preserved in paired words, there are also borrowed elements. All these cases require a distinction in the original meaning and origin of paired words of Abai. The article sorts the components of paired words, often not found in the Kazakh literary language, but characteristic of the Abai language, and explains their original meaning. The etymology of paired words characteristic of Abay will be analyzed on the basis of data from the Turkic written heritage and languages. Among such uses, the history of such paired words as «elsiz-kunsizde, don-ainalu, ake-uke, salem-saukat, teli-tentek, uran-suren, et-zhurek» is considered, which have not yet been analyzed on the basis of Turkic materials.

Keywords: Abai, Abai language, paired words, components of paired words, archaisms.

References

1. Sarybaev Sh. Til-gumyr: gylymi maqalalar zhinagy [Collection of scientific articles]. (Almaty, Til bilimi instituty, 2018, 312 p.), [in Kazakh].
2. Kaidarov A. Parnye slova v sovremennom uigurskom yazyke [Paired words in the modern Uighur language]. (Alma-Ata, Nauka, 1958, 169 p.), [in Russian].
3. Yskakov A., Syzdykova R., Sarybaev Sh. Qazaq tilinin qysqasha etimologiyalyq sozdigi [Brief Etymological dictionary of the Kazakh language]. (Almaty, Gylym, 1966, 240 p.), [in Kazakh].
4. Nurmagambetov A. Qos sozderdin qupiyasы [The secret of double words]. (Almaty, Zhalyн, 1991, 96 p.), [in Kazakh].
5. Nurmagambetov A. Bes zhuz bes soz: soz torkini [Five hundred and five words]. (Almaty, Rauan, 1994, 304 p.), [in Kazakh].
6. Mussabaev G. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. (Almaty, Abzal-Aj, 2014, 640 p.), [in Kazakh].
7. Abai (Ibrahim) Qunanbaev shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq zhinagy [Full two-volume collection of works by Abai Kunanbayev]. (Almaty, Gylym, 1977, 309 p.), [in Kazakh].
8. Kurmanbaiuly Sh., Adilov M. The semantics of the word tate and other kinship terms Turkic Studies Journal. 2022. Vol. 4. No.3. P. 85-102 [in Kazakh].
9. Koishybaev E. Ake zhane tegi sozderinin semantikalyq ozgerui zhaily [About the semantic change of the words ake and tegi]. (Almaty, Gylym, 1973, 149-157 p.) [in Kazakh].
10. Budagov L. Sravnitel'nyi slovar' turecko-tatarskih narechij [Comparative dictionary of Turkish-Tatar dialects] (Sankt-Peterburg, Tipografiya imperatorskoj akademij nauk, 1869. 1-tom, 821 p.), [in Russian].
11. Sanzheev G., Orlovskaya M., Shevernina Z. Etimologicheskij slovar' mongol'skih yazykov [Etymological dictionary of Mongolian languages]. (Moskva, Institut vostokovedeniya 2015, 225 p.), [in Russian].

12. Öner M. Kazan-Tatar Türkçesi Sözlüğü [Dictionary of Kazan-Tatar Turkish]. (Ankara, TDK Yayınları, 2015, 358 p.), [in Turkish].
13. Gülensoy T. Türkiye Türkçesindeki Türkçe Sözlüklerin Köken Bilgisi Sözlüğü [Turkish Etymological Dictionary of Turkish Dictionaries in Turkish], (İstanbul, Bilge Kültür Sanat, 2018), [in Turkish].
14. Kaiyrzhan K. Soz-sandyk: kazaktyn kone sozderi [Ancient Kazakh words]. (Almaty, Oner, 2013, 480 p.) [in Kazakh].
15. Syzdykova R. Sozder soileidi [Words speak]. (Almaty, Sanat baspasy, 1994), [in Kazakh].
16. Zhanpeisov E. Etnokul'turnaya leksika Kazahskogo yazyka [Ethnocultural vocabulary of the Kazakh language]. (Almaty, Nauka, 1989, 288 p) [in Russian].
17. Ercilasun A.; Akkoyunlu Z. Dîvânu Lugâti't-Türk. (Ankara: TDK Yayınları, 2015), [in Turkish].
18. Kaçalin M. Niâzi, Nevâyî'nin Sözleri ve Çağatayca Tanıklar. (Ankara, TDK Yayınları, 2011, 1300 p) [in Turkish].
19. Syzdyk R. Qazaq tilindegi eskilikter men zhanalyqtar [Old and new in the Kazakh language]. (Almaty, Arys, 2009, 272 p), [in Kazakh].
20. Yskakov A. Abai tili sozdigi [Dictionary of the Abai language]. (Almaty, Gylym, 1968, 736 p) [in Kazakh].
21. Zhanpeyisov E. Mukhtar Auezovtyn Abai zholy epopeyasynyn tili [The language of Mukhtar Auezov's epic The Way of Abai]. (Almaty, Gylym, 1976, 168 p) [in Kazakh].
22. Kuryszhanov A. Issledovanie po leksike starokypchakskogo pamyatnika XIII veka tyurksko-arabskogo slovarya [A study on the vocabulary of the Old Kypchak monument of the XIII century] (Almaty, Izdatel'stvo Nauka Kazahskoj SSR, 1970, 234 p) [in Russian].
23. Petek E. Abai olenderinim qolzhazbalary [Manuscripts of Abay's poems]. (Almaty, Ulagat, 2023, 408 p) [in Kazakh].
24. Syzdykova R. Abai shygarmalarynyn tili [The language of Abai's works]. (Almaty, Gylym, 1968, 331 p) [in Kazakh].
25. Fedotov M. Etimologicheskij slovar' chuvashkogo yazyka [Etymological dictionary of the Chuvash language] (Cheboksary, 1996, 470 p.) [in Russian].
26. Kaidar A. Qazaq tili etimologiyasynyn gylymi-teoriyalyq negizderi [Scientific and theoretical foundations of the etymology of the Kazakh language] (Almaty, Sardar, 2014, 256 p.) [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Құрманбайұлы Шерубай – филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығының жетекшісі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

Әділов Мәрлен Ерланұлы – түркітану мамандығы бойынша PhD, Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығының бас ғылыми қызметкері, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

Sherubay Kurmanbaiuly – Doctor of Philological Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Marlen Adilov – Ph.D., Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.